

« №7 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңесінің қашықтықтан өткізілген отырысының
№7 хаттамасы

Өткізу күні: 27.03.2025ж

Өтетін орны: қашықтықтан зум платформасы арқылы

Қатысқандар: 9 адам

Қатыспағандар: 2 адам

Қатысушылар:

1. Каппасов К. Ж
3. Алтыбаева З. Х
5. Шахметова Б
7. Карааулов Т. С
9. Мейрамова А. М
11. Смагулова Б. С

2. Сарсембекова Ж. Ф
4. Алиева Р
6. Бимаганбетов Р. О.
8. Тажиев Б
10. Алкенова Н. А
12. Муканова Г. К

Күн тәртібі:

1. Мектептегі қосымша білім беру, спорттық секциялар мен үйірмелердің жүргізілуін бағалау.

2. Халықаралық әйелдер және наурыз мерекесін атап өтуге арналған іс-шараларға ат салысу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша:

Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Смагулова Бахыт Сериковна мектептегі қосымша білім беру жұмыстары туралы баяндама жасады. Бүгінде мектепте 7 түрлі бағыттағы үйірмелер (мысалы, «Шебер қолдар», «Жас техниктер», «Домбыра», «Робототехника» және т.б.) және 7 спорттық секциялар (футбол, волейбол, жеңіл атлетика, үстел теннисі және т.б.) жұмыс істейді.

Үйірмелер мен секцияларға оқушылардың қызығушылығы жоғары, апталық қатысу деңгейі тұрақты. Оқушылар мектепішілік, аудандық және облыстық жарыстар мен байқауларға белсенді қатысып жүр. Дегенмен, кейбір үйірмелерге қажетті құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі байқалды. Бұл мәселені шешу мақсатында демеушілерді тарту және қамқоршылық кеңестің қолдау көрсетуі ұсынылды.

Шешім:

1. Мектептегі қосымша білім беру, үйірмелер мен спорттық секциялардың жұмысын **қанағаттанарлық** деп тану. Жабдықтау және материалдық базаны жақсарту мақсатында демеушілерді тарту бойынша ұсыныс енгізілсін.

2-сұрақ бойынша:

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Смагулова Бахыт Сериковна 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мерекесіне байланысты ұйымдастырылған іс-шаралар туралы баяндама жасады. Аталған

мерекелер шеңберінде концерттік бағдарламалар, сыныптан тыс тәрбиелік шаралар, көрмелер және ұлттық тағамдар жәрмеңкесі өткізілді. Қамқоршылық кеңесі аталған іс-шараларға белсенді қатысып, демеушілік көмек көрсетті. Әсіресе, әлеуметтік осал топтардағы аналар мен ұстаздарға арналған сый-сияпат ұйымдастырылып, мерекелік көңіл-күй қалыптасты. Кеңес мүшелері оқушылардың өнерлерін жоғары бағалап, осындай тәрбиелік мәні бар іс-шараларды тұрақты түрде өткізу қажет екенін айтты.

Шешім:

1. 8 Наурыз және Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шараларды жоғары деңгейде өтті деп бағалау. Қамқоршылық кеңесі тарапынан көрсетілген көмек үшін алғыс білдіріліп, алдағы уақытта да ынтымақтастықты жалғастыру ұсынылсын.
2. Тәрбиелік іс-шаралар жоспарына сәйкес мерекелік, танымдық және мәдени бағыттағы іс-шараларды қамқоршылық кеңесінің қатысуымен тұрақты түрде өткізу ұсынылсын.

ҚК төрағасы:



ҚК хатшысы:

